



Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі органдарының рәмізі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 21 сәуір 1995 ж. N 522. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 тамыздағы № 604 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.08.2022 № 604 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, оның органдары мен мекемелеріне Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қоса беріліп отырған рәмізінің бейнесін пайдалануға рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі органдарының рәмізі - шеңбердің 2/3 бөлігі, лентада екі қырында қазақ және орыс тілдерінде "Қазақстан Республикасы", ал астында "әділет" деген жазулары бар. Ортасында шеңбер орналасқан, одан жан-жаққа күн сәулесі тәрізді тіректер тарайды. Шеңбердің ортасында таразы бейнеленген. Рәмізді екі найза қиып өтеді. Түрлі-түсті бейнесі көгілдір және сары бояулармен орындалған.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі органдары рәмізінің көшірме бейнесі көлеміне қарамастан, эталонның ақ-қара немесе түрлі-түсті бейнесіне сәйкес болуға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*